

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті

**Бекітемін**  
**Ғылыми кеңес төрағасы,**  
**ректор, ҚР ҰҒА академигі**  
**Ғазалиев А.М.**

---

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2013ж.

**СТУДЕНТКЕ АРНАЛҒАН ПӘН БОЙЫНША ОҚЫТУ**  
**БАҒДАРЛАМАСЫ ( SYLLABUS)**

КҚТ 3201 Кәсіби қазақ тілі пәні бойынша

КҚТ 12 Кәсіби қазақ тілі модулі

5B071900 – Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар  
мамандығының студенттері үшін

Телекоммуникация, энергетика және автоматика институты

Қазақ тілі және мәдениеті кафедрасы

## АЛҒЫ СӨЗ

Студентке арналған пән бойынша оқыту бағдарламасын (syllabus): ф.ғ.к. аға оқытушы Н.Т. Нығметова, аға оқытушы Г.С.Байпелова, п.ғ.м., аға оқытушы Ғ.М.Әбілқасов

«Қазақ тілі және мәдениеті» кафедрасының мәжілісінде талқыланған  
« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2013 ж. № \_\_\_\_\_ хаттама  
Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2013 ж.  
(қолы)

Жол-көлік факультетінің оқу-әдістемелік кеңесі мақұлдаған  
« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2013 ж. № \_\_\_\_\_ хаттама  
Төраға \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2013 ж.

Байланыс технологиялары және жүйелері кафедрасымен келісілген  
Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2013 ж.  
(қолы)

## 1.1 Оқытушы туралы мәліметтер және байланыстық ақпарат

ф.ғ.к. аға оқытушы Н.Т. Нығметова, аға оқытушы Г.С.Байпелова, п.ғ.м., аға оқытушы  
Ғ.М.Әбілқасов

Қазақ тілі және мәдениеті кафедрасы ҚарМТУ-дың I корпусында, Бейбітшілік  
бульвары 56, 329 аудиторияда орналасқан, байланыс телефоны 56-59-32.

### Пәннің еңбек сыйымдылығы

| Семестр | Кредиттер саны |   | Сабақтардың түрі       |                      |                        |                      | СӨЖ сағат тар саны | Жалпы сағат тар саны | Бақылау түрі |
|---------|----------------|---|------------------------|----------------------|------------------------|----------------------|--------------------|----------------------|--------------|
|         |                |   | Қосылған сағаттар саны |                      | ОСӨЖ сағаттарының саны | Барлық сағаттар саны |                    |                      |              |
|         |                |   | Практикалық сабақтар   | Зертханалық сабақтар |                        |                      |                    |                      |              |
| 6       | 2              | 3 | 30                     | -                    | 30                     | 60                   | 30                 | 90                   | Емтихан      |

### Пәннің сипаттамасы

Кәсіби қазақ тілі пәні жалпы пәндердің циклына кіреді. Кәсіби қазақ тілі пәнін үйретуде студенттердің тілді орта мектепте және жоғары оқу орнында оқып үйренгені, тілдік жүйе жайлы түсініктерінің қалыптасқаны ескеріліп, оны әрі қарай толықтыруды қолға алу, осыған орай мәтіндер әр бағытқа арнайы дайындалып, әр сала бойынша лексиканы, кәсіби терминді меңгерту болып табылады. Бакалавр бөлімінде студент мемлекеттік тілді өз мамандығы аясында қолдана алатындай білім дәрежесіне жетуі керек. Мемлекеттік тілді қарым – қатынас құралы ретінде меңгере отырып, оның әлеуметтік қыры мен ішкі мазмұнын – мағынасын қатар игеру, мамандығына қатысты кәсіби терминологияны меңгеру, қазақ тілі - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тілі, мәдени-рухани өмірінің ұйытқысы екендігін білдіру арқылы коммуникативтік құзыреті жоғары дәрежеде дамыған тілдік тұлға қалыптастыру.

Арнайы берілген кәсіби бағыттағы материалдарды қажеттілігіне қарай пайдалана алуы, атап айтқанда, қазақ тілінің фонетикасын, лексикасын, морфологиясын, синтаксисін меңгертумен қатар студенттерді ауызша сөйлеуге, ойларын жеткізуге, аударма жасауға дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

### Пәннің мақсаты

Жоғары оқу орындарында оқылатын кәсіби қазақ тілі белгілі мамандықтар бойынша даярланатын маман кадрларының коммуникативтік және танымдық қажеттіліктерімен анықталады.

Берілген пәнді зерделеудің мақсаты:

- қазақ тілі бойынша негізгі оқу кезеңдерінде алған білімдерін салғастыру әдісімен кеңейту және жүйелеу, яғни тілдік материалдарды тұтастай зерделеу дағдыларын дамыту, әсіресе оқылатын мамандық бойынша терминологиялық корпусы оқып үйрену;

- кәсіби қарым-қатынас үшін негізгі техникалық терминологиялық лексика минимумын меңгеру;

- студенттерді аударма практикасының теориялық негіздерімен таныстыру және аударма білігі мен дағдыларын қалыптастыру;

- қазақ тілінде сөйлеу қызметінің әр түрлі дағдылары мен біліктерін жетілдіру;

айтылым (орыс тіліне ауызша аударудың түрлері, сөйлеушінің өз пікірін негіздеуі, тақырыптық диалог), жазылым (толық аударма, мәтіннің құрылымдық бөліктерін рәсімдеу), аудару үдерісінде іздеу, танысу түріндегі оқу, түсіну (техникалық мәтіннің фоножазбасынан негізгі және анықтаушы ақпаратты таба білу).

### Пәннің міндеттері

Пәннің міндеттері келесідей:

- сөздік-анықтамалық әдебиеттермен жұмыс істей білу,
- кәсіби сипаттағы мәтіндерді қарап шығу, іздеу, зерттеу мақсатында оқи алуы;
- жалпы ғылыми және нақты кәсіби тақырыптағы мәтіндердің мағыналық, құрылымдық және коммуникативтік ерекшеліктерін ескере отырып, оқып, түсінуін, мәтіннің тақырыбын, көтерген мәселесін, қорытындысын анықтай алуы, мәтіннің логикалық сұлбасын ұсына білуі;
- мәтіннің мағыналық (себеп-салдарлық, мезгілдік, шарттық) бөліктері мен объективтік және субъективтік ақпаратын ажырата білуі;
- ғылыми мәтіннің жалпы мазмұнын және автордың басты тезистерін түсінуі, мәтін ақпаратынан басты және қосымша ақпаратты бөліп, оларды бағалай білуін мағыналық блоктардағы негізгі, қосымша және қайталанатын ақпаратты бөліп көрсете білуі;
- жалпы және кәсіби лексика негізінде сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша коммуникативтік біліктерін дамыту, белгілі тақырып бойынша кәсіби сипатта ақпарат алмасуын қамтамасыз ету;
- кәсіби сипаттағы ақпаратты хабарлау, баяндама жасау, пікір алмасу барысында өз пікірін дәлелдей алу;
- оқу және арнайы мамандықтар жайлы мәтіндер түріндегі техникалық ақпаратты жазбаша аудару
- өз мамандығы шеңберіндегі кәсіби терминдерді игеру.

### Айрықша деректемелер

Берілген пәндерді зерделеу үшін келесі бөлімдерді меңгеру қажет.

| Пән           | Бөлімдердің (тақырыптардың) атауы  |
|---------------|--|
| 1. Қазақ тілі | Грамматиканы меңгеру, сауатты жазу, өз ойын зерделей білу, техника саласына қатысты терминдерді қолдана білу |

### Тұрақты деректемелер

Кәсіби қазақ тілі пәнін оқу кезінде алынған білімдері арнайы базалық және профилдік пәндерді меңгеру кезінде пайдаланылады.

### Пәннің тақырыптық жоспары

| Бөлімнің (тақырыптың) атауы                                      | Сабақтардың түрлері бойынша еңбек сыйымдылығы, с. |             |                      |      |     |
|--|---|-------------|----------------------|------|-----|
|  | Дәрістер  | Практикалық | Зертханалық сабақтар | СӨӨЖ | СӨЖ |
| <b>ҮІ-семестр</b>  |   |             |                      |      |     |
| 1-тақырып. Электроника. Грамматика.                              |   | 2           |                      | 2    | 2   |
| 2-тақырып. Микропроцессор. Грамматика.                           |   | 2           |                      | 2    | 2   |
| 3-тақырып. Цифрлық сұлбалар. Грамматика.                         |   | 2           |                      | 2    | 2   |
| 4-тақырып. Ақпарат. Хабар. Сигнал. Электр байланысы. Грамматика. |   | 2           |                      | 2    | 2   |

|   |  |    |  |    |    |
|---|--|----|--|----|----|
| 5-тақырып. Кванттау. Кодалау. Грамматика.   |  | 2  |  | 2  | 2  |
| 6-тақырып. Модуляция. Грамматика.   |  | 2  |  | 2  | 2  |
| 7-тақырып. Арналарды және дестелерді жалғау. Аралық бақылау.  |  | 2  |  | 2  | 2  |
| 8-тақырып. Телекоммуникация жүйелерінің жалпы сипаттамасы. Грамматика.                                      |  | 2  |  | 2  | 2  |
| 9-тақырып. Телекоммуникация жүйелерінің құрылымы және қызметі. Грамматика.                                  |  | 2  |  | 2  | 2  |
| 10-тақырып. Цифрлі деректерді аналогтік және цифрлі кодирлеу. Грамматика.                                   |  | 2  |  | 2  | 2  |
| 11-тақырып. Байланыстың желілік, желістік және каналдар типтері. Грамматика.                                |  | 2  |  | 2  | 2  |
| 12-тақырып. Радиотехникалық жүйелер, құрылымы. Грамматика.  |  | 2  |  | 2  | 2  |
| 13-тақырып. Сигналдарды тарату. Грамматика.   |  | 2  |  | 2  | 2  |
| 14-тақырып. Аралық тест. Тест тапсырмаларын орындау. Грамматикалық тақырыптарға жаттығу жұмыстарын орындау. |  | 2  |  | 2  | 2  |
| 15-тақырып. Қайталау. Қорытынды. Емтиханға дайындық.  |  | 2  |  | 2  | 2  |
| БАРЛЫҒЫ:90  |  | 30 |  | 30 | 30 |

### **Практикалық (семинарлық) сабақтардың тізімі:**

#### **ҮІ семестр**

1. Электроника. Грамматика.
2. Микропроцессор. Грамматика..
3. Цифрлық сұлбалар. Грамматика.
4. Ақпарат. Хабар. Сигнал. Электр байланысы. Грамматика..
5. Кванттау. Кодалау. Грамматика.
6. Модуляция. Грамматика.
7. Арналарды және дестелерді жалғау. Аралық бақылау.
8. Телекоммуникация жүйелерінің жалпы сипаттамасы. Грамматика.
9. Телекоммуникация жүйелерінің құрылымы және қызметі. Грамматика.
10. Цифрлі деректерді аналогтік және цифрлі кодирлеу. Грамматика.
11. Байланыстың желілік, желістік және каналдар типтері. Грамматика.
12. Радиотехникалық жүйелер, құрылымы. Грамматика.
13. Сигналдарды тарату. Грамматика.
14. Аралық тест. Грамматика: Қайталау.

15. Қайталау. Емтиханға дайындық.

**Оқытушымен студенттің өздік жұмысының тақырыптық жоспары**

| ОСӨЖ тақырыбының атауы  | Сабақтың мақсаты                             | Сабақтың түрі                             | Тапсырманың мазмұны  | Ұсынылатын әдебиеттер |
|---|--|---|--|-----------------------|
| 1   | 2  | 3   | 4  | 5                     |
| Ісеместр  |  |   |  |                       |
| 1-тақырып.<br>Тапсырмаларды орындау. Фонетика. Лексика.                     | Берілген тақырып бойынша білімді тереңдету   | Сұрақ-жауап, әңгіме.                      | Тапсырма: 1.Сөздер мен сөз тіркестеріне морфологиялық талдау жасату. Ережелер сұрау. | [ 1 ] , [ 6 ]         |
| 2-тақырып.<br>Тапсырмаларды орындау. Қазақ тіліндегі жалғау түрлері.        | Сөйлеу тілін жетілдіру                       | Сұрақ-жауап, әңгіме.                      | Тапсырма: 1. Жалғаулардың түрлеріне жаттығу жұмыстарын жүргізу.                      | [2] , [ 2 ]           |
| 3 –тақырып<br>Тапсырмаларды орындау. Сөз таптары. Зат есім.                 | Аталған тақырып-тар бойынша ойларын дамыту   | Пікір алмасу, әңгімелеу                   | Тапсырма: 1. Сөз таптарын қайталау.<br>2. Мәтіннен сан есімдерді тапқызу.            | [3], [6]              |
| 4-тақырып<br>Тапсырмаларды орындау. Жұрнақ: сөз тудырушы, сөз түрлендіруші. | Тақырып аясында сөйлей білуге үйету          | Жаттығулармен жұмыс                       | Тапсырма: 1.Сөздік диктант алу (жұрнақ түрлері).<br>2.Мысалдармен сөйлемдер құрату.  | [3],[6],[7]           |
| 5-тақырып<br>Тапсырмаларды орындау. Сын есім.                               | Сөздік қорын молайту                         | Тапсырма мен жаттығуларды орындау         | Тапсырма: 1. Зат есімнің жалғаулары туралы айтыңыздар.                               | [1],[5],[9]           |
| 6 – тақырып<br>Тапсырмаларды орындау. Көмекші есімдер.                      | Өз ойын жүйелі, еркін жеткізуге дағдыландыру | Лексикалық материалдар бойынша жауап беру | Тапсырма: 1. Көмекші есімдер туралы айтыңыздар                                       | [2],[9]               |
| 7-тақырып.<br>Тапсырмаларды орындау. Қайталау.                              | Сөйлеу деңгейін жетілдіру                    | Өздік жұмыс                               | Тапсырма: 1. Мәтіннен сын есімдерді тапқызу.   | [10],[6]              |
| 8-тақырып<br>Тапсырмаларды орындау. Сан есім.                               | Өз ойын жетілдіре білуді дағдыландыру        | Сұрақ-жауап, әңгімелеу                    | Тапсырма: 1. Карточкалармен жұмыс.   | [7],[5],[16]          |
| 9-тақырып<br>Тапсырмаларды орындау. Есімдік.                                | Аталған мәтін бойынша                        | Әңгімелеу                                 | Тапсырмалар: 1. Есімдік түрлеріне жаттығулар орындау.                                | [3],[11],[4]          |

|  |  |                        |  |                |
|--|--|------------------------|--|----------------|
|  | ойларын дамыту                                 |                        |  |                |
| 10-тақырып<br>Тапсырмаларды орындау. Етістік.                    | Сөйлеу деңгейін жетілдіру                      | Сұрақ-жауап, әңгімелеу | Тапсырма: 1. Мәтін бойынша етістіктің түрлерін тапқызу.                              | [6],[8],[14]   |
| 11-тақырып<br>Тапсырмаларды орындау. Етістіктің шақтары.         | Сөйлеу мәдениетін дамыту                       | жаттығулар орындау     | Тапсырма: 1. Етістіктің шақтарына арналған сөздерді жекеше, көпше түрде жіктеңіздер. | [6],[14],[5]   |
| 12-тақырып<br>Тапсырмаларды орындау. Үстеу.                      | Студенттердің тілге деген ынта-жігерін арттыру | Пікір алысу            | Тапсырма: 1. Ережелерді қайталап, мысал келтіру.                                     | [24],[10],[12] |
| 13-тақырып<br>Тапсырмаларды орындау. Шылаулар.                   | Өз ойын еркін жеткізуге үйрету                 | Әңгіме, сұрақ-жауап    | Тапсырма: 1. Етіс түрлеріне слайд-сабақ жасату.                                      | [7],[9],[16]   |
| 14-тақырып<br>Тапсырмаларды орындау. Еліктеуіш сөздер. Шылаулар. | Аталған мәтін бойынша ойларын дамыту           | Әңгіме, сұрақ-жауап    | Тапсырма: 1.10 етістікті жекеше, көпше жіктеу.                                       | [8],[14],[17]  |
| 15-тақырып<br>Емтиханға дайындық.                                | Білім деңгейлерін тексеру                      | Тест                   | Тапсырма: 1. Өткен материалдарды қайталау.<br>2. Емтиханға дайындық.                 | [4],[13],[27]  |

### **СӨЖ арналған бақылау жұмыстарының тақырыбы**

#### **ҮІ семестр**

1. Электроника тақырыбына байланысты бірнеше сөйлем құрастырыңыз.
2. Микропроцессор тақырыбын толықтырып, сұхбат құрастырыңыз..
3. Цифрлық сұлбалар тақырыбы бойынша әңгіме жазыңыз.
4. Ақпарат. Хабар. Сигнал. Электр байланысы туралы өз ойларыңызды жазыңыздар.
5. Кванттау. Кодалау тақырыбы бойынша термин сөздерді теріп жазып, сөйлемдер құрастырыңыз.
6. Модуляция тақырыбына сұхбат құрыңыз.
7. Арналарды және дестелерді жалғау тақырыбына сұхбат құрыңыздар
8. Телекоммуникация жүйелерінің жалпы сипаттамасы туралы толықтырып айтыңыз.
9. Телекоммуникация жүйелерінің құрылымы және қызметі мәтіні бойынша слайд дайындаңыз.
10. Цифрлі деректерді аналогтік және цифрлі кодирлеу мәтінін толықтырып, әңгімелеңіз.
11. Байланыстың желілік, желістік және каналдар типтері тақырыбына сұхбат құрыңыздар.
12. Радиотехникалық жүйелер, құрылымы мәтініндегі термин сөздермен сөз тіркесін жасап, жаттаңыз.
13. Сигналдарды тарату тақырыбы бойынша өз ойыңызды жазып әңгімелеңіз.
14. Сұхбат. Менің болашақтағы мақсатым.
15. Емтихан сұрақтарын қайталау.

## Студенттердің білімін бағалау белгілері

Пән бойынша емтихан бағасы аралық бақылау (60% дейін) және қорытынды аттестаттау (емтихан) (40% дейін) бойынша үлгерімнің ең жоғары көрсеткіштерінің сомасы ретінде анықталады және кестеге сәйкес 100% дейін мәнді құрайды.

| Әріптік баға бойынша бағалау | Сандық бағалау эквиваленттері | Меңгерілген білімдердің проценттік мәні | Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау |
|------------------------------|-------------------------------|---|-------------------------------|
| A                            | 4,0                           | 95-100                                  | Өте жақсы                     |
| A-                           | 3,67                          | 90-94                                   |                               |
| B+                           | 3,33                          | 85-89                                   | Жақсы                         |
| B                            | 3,0                           | 80-84                                   |                               |
| B-                           | 2,67                          | 75-79                                   |                               |
| C+                           | 2,33                          | 70-74                                   | Қанағаттанарлық               |
| C                            | 2,0                           | 65-69                                   |                               |
| C-                           | 1,67                          | 60-64                                   |                               |
| D+                           | 1,33                          | 55-59                                   |                               |
| D-                           | 1,0                           | 50-54                                   |                               |
| F                            | 0                             | 0-49                                    | Қанағаттанарлықсыз            |

«А» (өте жақсы) деген баға, студент семестр барысында пәннің барлық бағдарламалық сұрақтары бойынша өте жақсы білім көрсеткен, сонымен қатар, өздік жұмыс тақырыптары бойынша жиі аралық білімін тапсырған, оқылатын пән бойынша негізгі бағдарлама бойынша теориялық және қолданбалы сұрақтарды оқуда дербестік көрсете білген жағдайда қойылады.

«А-» (өте жақсы) деген баға негізгі заңдар мен процестерді, ұғымдарды, пәннің теориялық сұрақтарын жалпылауға қабілетін өте жақсы меңгеруін, аудиториялық және дербес жұмыс бойынша аралық тапсырмалардың жиі тапсырылуын болжайды.

«В+» (жақсы) деген баға, студент пәннің сұрақтары бойынша жақсы және өте жақсы білімдер көрсеткен, семестрлік тапсырмаларды көбінесе «өте жақсы» және кейбіреулерін «жақсы» бағаларға тапсырған жағдайда қойылады.

«В» (жақсы) деген баға, студент, пәннің нақты тақырыбының негізгі мазмұнын ашатын сұрақтары бойынша жақсы және өте жақсы білімдер көрсеткен, семестрлік тапсырмаларды уақытында «өте жақсы» және «жақсы» бағаларға тапсырған жағдайда қойылады.

«В-» (жақсы) деген баға студентке, егер ол аудиториялық қалай болса, дәл солай СӨЖ тақырыптары бойынша пәннің теориялық және қолданбалы сұрақтарына жақсы бағытталады, бірақ семестрде аралық тапсырмаларды жиі тапсыратын және пән бойынша семестрлік тапсырмаларды қайта тапсыру мүмкіндігіне ие болған жағдайда қойылады.

«С+» (қанағаттанарлық) деген баға студентке, егер ол аудиториялық сабақтардың және СӨЖ барлық түрлері бойынша зейінділік сипаттағы сұрақтарға ие, пәннің жеке модульдарының мазмұнын аша білген, семестрлік тапсырмаларды «жақсы» және «қанағаттанарлық» бағаға тапсырған жағдайда қойылады.

«С» (қанағаттанарлық) деген баға студентке, егер ол аудиториялық сабақтардың және СӨЖ барлық түрлері бойынша зейінділік сипаттағы сұрақтарға ие, пәннің жеке модульдарының мазмұнын аша білген, семестрлік тапсырмаларды «қанағаттанарлық»



бағаға тапсырған жағдайда қойылады.

«С-» (қанағаттанарлық) деген баға студентке, егер ол аудиториялық сабақтардың және СӨЖ барлық түрлері бойынша жалпы мағлұматтандырылған және нақты тақырыптың шеңберінде ғана жеке заңдылықтар мен олардың ұғымын түсіндіре алатын жағдайда қойылады.

«D+» (қанағаттанарлық) деген баға студентке, егер ол аудиториялық сабақтардың және СӨЖ барлық түрлері бойынша семестрлік тапсырмаларды уақытында тапсырмаған және нақты тақырыптың шеңберінде ғана жеке заңдылықтар мен олардың ұғымын түсіндіре алатын жағдайда қойылады.

«D-» (қанағаттанарлық) деген баға студентке, егер ол семестрлік тапсырмаларды уақытында тапсырмаған және аудиториялық сабақтар мен СӨЖ бойынша білімі төмен, сондай-ақ, сабақтар босатқан жағдайда қойылады.

«F» (қанағаттанарлықсыз) деген баға студент, СӨЖ және сабақтардың түрлері бойынша теориялық және практикалық білімнің төмен деңгейіне де ие емес, сабақтарға жиі қатыспайтын және уақытында семестрлік тапсырмаларды тапсырмайтын жағдайда қойылады.

Аралық бақылау оқытудың 7ші, 14ші апталарында жүргізіледі және бақылаудың келесі түрлерінен шыға отырып, ұйымдастырылады:

| Бақылау түрі                 | % -тік құрамы | Оқытудың академиялық кезеңі, апта |   |   |   |   |   |    |   |   |    |    |    |    |    |    | Барлығы, % |
|------------------------------|---------------|-----------------------------------|---|---|---|---|---|----|---|---|----|----|----|----|----|----|------------|
|                              |               | 1                                 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7  | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |            |
| Сабаққа қатысушылық          | 0,4           | +                                 | + | + | + | + | + | +  | + | + | +  | +  | +  | +  | +  |    | 6,0        |
| Бақылау жұмысы               | 3,0           |                                   |   |   |   |   |   | +  |   |   |    |    |    |    |    | +  | 6,0        |
| Аралық тест                  | 3,0           |                                   |   |   |   |   |   | +  |   |   |    |    |    |    |    | +  | 6,0        |
| Реферат                      | 5             |                                   |   |   |   |   |   |    |   |   |    |    |    |    |    | +  | 5,0        |
| СӨЖ                          | 1             | +                                 | + | + | + | + | + | +  | + | + | +  | +  | +  | +  | +  |    | 15         |
| Барлығы (аттестация бойынша) |               |                                   |   |   |   |   |   | 30 |   |   |    |    |    |    |    | 30 | 60         |
| Емтихан                      |               |                                   |   |   |   |   |   |    |   |   |    |    |    |    |    |    | 40         |
| Барлығы                      |               |                                   |   |   |   |   |   |    |   |   |    |    |    |    |    |    | 100        |

### Саясат және рәсімдер

Кәсіби қазақ тілі пәнін оқу кезінде келесі ережелерді сақтауды өтінеміз:

1. Сабаққа кешікпей келуді.
2. Дәлелді себепсіз сабақ босатпауды, ауырған жағдайда анықтама, ал басқа жағдайларда түсініктеме хат ұсынуды.
3. Студенттің міндетіне барлық сабақтарға қатысу кіреді.
4. Оқу процесінің күнтізбелік жоспарына сәйкес бақылаудың барлық түрлерін тапсыру.
5. Жіберілген практикалық және зертханалық сабақтар оқытушы белгілеген уақытта қайта тапсыру.

### Оқу-әдістемелік қамтамасыз етілгендігі

1. Берікұлы О.Б. Техникалық электроника. Жоғары техникалық оқу орындары студенттеріне арналған оқулық.  
-Алматы: Білім, 1995. -196 бет.
2. Ибраев А.Т., Дегембаева У.К. Радиотехника, электроника және телекоммуникация негіздері 5В071900 - Радиотехника, электроника және телекоммуникация мамандығы бойынша барлық оқу түрлеріне арналған дәрістер жинағы. – Алматы: АЭЖБУ, 2012. -506.
3. Шанаев О.Т. Цифрлық құрылғылар және микропроцессорлар. Оқу құралы, 2008.
4. Дегембаева У.К., Шайхин Б.М. Электроника және аналогтық құрылғылардың схемотехникасы. Оқу құралы. 5В071900 - Радиотехника, электроника және телекоммуникация мамандығы бойынша оқудың барлық түріндегі студенттер үшін, 2009.
5. Бериков А.Б., Ордабаев Б.О. Полупроводниковые приборы. Алматы: АЭИ, 1992. - 136 с.
6. Коницын С.В., Ағатаева Б.Б., Радиобайланыс және техника негіздері. Алматы: АЭЖБИ, 2006. -806.
7. Гусев В.Г., Гусев Ю.М. Электроника и микропроцессорная техника. Учеб. Для вузов. –М.: Высш. Шк. 2006. -799 с.
8. Романюк В.А. Основы радиосвязи. –М.: ЮРАЙТ, 2009. -288 с.
9. Гаранин М.В., Журавлев В.И., Кунегин С.В. Системы и сепередачи информации. – М.:Радио и связь, 2001.
10. Каганов В.И. Радиотехнические цели и сигналы.- АСАДЕМА, 2003.

### Қосымша әдебиет тізімі

1. Балабатыров С.Б. Электротехниканың теориялық негіздері Алматы, 2010.
2. Хожин Г.Х. Электроэнергетика. Алматы, «Дәуір» 2011.
3. Хожин Г.Х., Сажин В.Н . Электроэнергетика.Оқулық. Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011.
4. Акашев З.Т., Мехтиев А.Д., Эйрих В.И., Югай В.В. (Радиотехникалық тізбектер және сигналдар) Қарағанды. – 2012.- 78 б.
5. Мехтиев А.Д., Әлімов М.Ш., Белик Г.А., Югай В.В. (Апараттық-өлшеу техникасы және радиоөлшеу) Қарағанды. – 2013. – 54 б.
6. Ш.Құрманбаева, А.Мұратбекова. Қазақ тілі. Ақпараттық технология энергетика мамандықтарына арналған оқулық. -Алматы: «Қазықұрт» 2013.
7. Рахимберлинова Ж.Б., Мехтиев А.Д., Ким Ю.Д. (Электрондық техниканың негіздері) Оқу құралы. Қарағанды. – 2015. – 76 б.
8. Г.С.Байпелова, Ғ.М.Әбілқасов. Кәсіби қазақ тілі. Қарағанды, 2015.

### Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі

| Бақылау түрі        | Тапсырманың мақсаты және мазмұны  | Ұсынылатын әдебиет | Орындалу ұзақтылығы | Бақылау түрі | Тапсыру мерзімі |
|---------------------|---|--------------------|---------------------|--------------|-----------------|
| <b>III семестр</b>  |   |                    |                     |              |                 |
| Сабаққа қатысушылық | 1. Кәсіби мәтін бойынша тапсырмалар орындау<br>2. Грамматикалық тапсырмалар | [ 1], [ 2 ], [ 3 ] | 1-13 апта           | Ағымдағы     | 7, 14 апта      |
| Бақылау жұмысы      | 1. Кәсіби мәтін бойынша тапсырмалар орындау<br>3. Грамматикалық             | [ 1], [ 2 ], [ 3 ] | 1-13 апта           | Аралық       | 7, 14 апта      |

|             |   |   |                        |                |                          |
|-------------|---|---|------------------------|----------------|--------------------------|
|             | тапсырмалар                                       |   |                        |                |                          |
| Аралық тест | 1. Тест<br>2. Жазба жұмысы                        | [ 1], [ 2 ], [ 3 ]                                    | 1-13 апта              | Аралық         | 7, 14 апта               |
| Реферат     | 1. Жазба жұмысы                                   | [ 1], [ 2 ], [ 3 ]                                    | 14 апта                | Ағымдағы       | 14 апта                  |
| СӨЖ         | 1.Жазба жұмысы                                    | [ 1], [ 2 ], [ 3 ]                                    | 1-13 апта              | Ағымдағы       | 1-14 апта                |
| Аттестация  | 1. Ауы<br>зша тапсырмалар<br>2.Жазба жұмысы       | [ 1], [ 2 ], [ 3 ]                                    | 1-13 апта              | Аралық         | 7, 14 апта               |
| Емтихан     | Пән материалының<br>менгерілу деңгейін<br>тексеру | Негізгі және<br>қосымша<br>әдебиеттің<br>жалпы тізімі | 4 біріккен<br>сағаттар | Қорытын-<br>ды | Сессия<br>кезеңін-<br>де |

### Өзін өзі бақылауға арналған сұрақтар

1. Қазақ тіліне тән қандай дауысты дыбыстар бар?
2. Фонетика нені зерттейді?
3. Буынның неше түрі бар?
4. Үндестік заңы деген не?
5. Кейінді ықпал мен ілгерінді ықпал туралы не білесіз?
6. Лексика нені зерттейді?
7. Омоним, синоним, антоним туралы айтыңыз.
8. Морфология нені зерттейді?
9. Сөздік құрамға нелер жатады?
10. Зат есім деген не?
11. Туынды зат есім қалай жасалады?
12. Зат есімнің қандай жалғаулары бар?
13. Сын есім нені білдіреді?
14. Сын есім мағынасына қарай неше түрге бөлінеді?
15. Дара , күрделі сын есімдер қалай жасалады?
16. Сан есім деп қандай сөз табын айтамыз?
17. Сан есім тұлғасына қарай неше түрге бөлінеді?
18. Болжалдық, жинақтау, бөлшектік сан есімдер қалай жасалады?
19. Реттік, есептік, топтау сан есімдері туралы айтыңыз.
20. Есімдік деп қандай сөз табын айтамыз?
21. Есімдік мағынасына қарай неше түрге бөлінеді?
22. Сілтеу есімдіктері тәуелдене ме? Мысал келтіріңіз.
23. "Өз,өзім ,өздерің"-қандай есімдіктер?
24. Үстеулер тұлғасына қандай түрге бөлінеді?
25. Үстеу қандай сұрақтарға жауап береді?
26. Туынды үстеулер қалай жасалады?
27. Ис-әрекет, қимылдың атауын қай сөз табы білдіреді?
28. Болымды, болымсыз етістіктер қалай жасалады?
29. Салт етістік пен сабақты етістік деген не?
30. Тұйық етістік деген не ?
31. Неше етіс бар? Әр түріне мысалдар келтіріңіз.
32. Етістіктің неше шақтары бар? Атаңыз.
33. Етістіктің райлары туралы әңгімеленіңіз.
34. Есімше туралы айтыңыз.
35. Көсемшенің жасалу жолдары.
36. Көмекші сөздерге нелер жатады?

37. Шылаулардың қандай түрлері бар?
38. Септеуліктердің түрлерін атаңыз.
39. Демеуліктер қалай жасалады?
40. Модаль сөздерді атаңыз.
41. Одағай деген не, түрлерін айтыңыз.
42. Синтаксис нені қарастырады?
43. Сөйлем айтылу мақсатына қарай нешеге бөлінеді? Мысал келтіріңіз.
44. Жай сөйлемнің түрлері.
45. Сөйлем мүшелері қандай түрлерге бөлінеді?
46. Құрмалас сөйлем деген не? Қандай түрлері бар?
47. Салалас құрмалас сөйлем туралы не білесіз?
48. Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлерін айтып беріңіз.
49. Салалас құрмалас пен сабақтас құрмаластың айырмашылығы.
50. Төл сөз бен төлеу сөз қалай жасалады?

31.03.2004 ж. № 50 мемл. бас. лиц..

Баспаға \_\_\_\_\_ 20\_\_ж. қол қойылды. Пішіні 90x60/16. Таралымы \_\_\_\_\_ дана

Көлемі \_\_\_ оқу бас. п. № \_\_\_\_\_ тапсырыс Бағасы келісілген

---

100027. ҚарМТУ баспасы, Қарағанды, Бейбітшілік бульвары, 56